

ЗА ПРОШЕДШИЙ МАРКЕТИНГОВЫЙ ГОД ОБЕСПЕЧЕН ВЫВОЗ 13,3 МИЛЛИОНА ТОНН ЗЕРНА, ЧТО НА 45% БОЛЬШЕ ПОКАЗАТЕЛЯ ПРЕДЫДУЩЕГО ГОДА. ПРИ ЭТОМ 10,3 МИЛЛИОНА ТОНН ИЗ ЭТОГО ОБЪЕМА НАПРАВЛЕНО НА ЭКСПОРТ, ТРИ МИЛЛИОНА ТОНН – НА ВНУТРЕННИЙ РЫНОК. СВОЕВРЕМЕННЫЙ ВЫВОЗ ПРОДУКЦИИ ОБЕСПЕЧИЛ ВЫСВОБОЖДЕНИЕ ЭЛЕВАТОРОВ И СКЛАДСКИХ ПОМЕЩЕНИЙ ДЛЯ ПРИЕМКИ НОВОГО УРОЖАЯ.

Нурлан САУРАНБАЕВ,
министр транспорта РК



№80 (3119)
30/09/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

КАЗАХСТАН – КИТАЙ: КУРС НА РОСТ И ЦИФРОВИЗАЦИЮ

В Алматы состоялось 34-е заседание Смешанных комиссий пограничных железных дорог Республики Казахстан и Китайской Народной Республики. На встрече подведены итоги грузовых и контейнерных перевозок между двумя странами.

За восемь месяцев 2025 года объем перевозок между Казахстаном и Китаем составил 23,2 миллиона тонн, что на 10% превышает показатель аналогичного периода 2024 года. До конца текущего года стороны договорились обеспечить выполнение объемов перевозок на уровне 35 миллионов тонн, что на 3,6 миллиона тонн больше прошлогоднего уровня. Также обсуждены предварительные прогнозные объемы перевозок на 2026 год.

Отдельное внимание уделено вопросу увеличения экспорта казахстанской продукции. Согласованы меры по расширению перевозок зерновых грузов в зерновозах, крытых вагонах и контейнерах, а также растительного масла в контейнерах во флекситанках с соблюдением



необходимых условий погрузки. Стороны договорились развивать сотрудничество в сфере внедрения безбумажных технологий при оформлении перевозочных документов, обмене информацией на стыковых станциях, а также ускорении таможенных процедур. Кроме того, достигнута договоренность об организации с декабря 2025 года заезда сменных

работников между пограничными станциями РК и КНР для приема-передачи поездов, вагонов и грузов на сопредельной территории. Эта мера позволит повысить эффективность перевозочного процесса и сократить время обработки поездов. По итогам заседания подписан соответствующий протокол.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

ИНТЕРНЕТКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК АРТУДА



«Жолаушылар тасымалы» АҚ өз пойыздарында цифрлық технологияларды дамытуды жалғастыруда. Алдағы айларда №33/34 «Ақтөбе – Алматы» және №21/22 «Қызылорда – Семей» бағыттарындағы пойыздарда Starlink технологиясы арқылы интернет қолжетімді болмақ.

Бұған дейін жаңа буындағы «Астана – Бұрабай курорты» бағыты бойынша жүретін №888/887 «Burabay Express» электропойызында Starlink технологиясы іске қосылып, жолаушылар алғаш рет жол үстінде интернетке қосылу мүмкіндігіне ие болған еді. Бұл — жылдамдығы 250 Мбит/с-тан асатын жоғары жылдамдықты интернет бар алғашқы жүрдек электропойыз.

Пилоттық жобаның алғашқы нәтижелері бұл қызметтің жоғары сұранысқа ие екенін көрсетті. Жолаушылар ойын-сауық контентін көру, мессенджерлер арқылы байланысу, сапар барысында қашықтан жұмыс істеу, сондай-ақ онлайн-табло, мультимедиялық жүйе және қолма-қол ақшасыз төлем қызметі сияқты қосымша сервистерді пайдалана алады.

Ұлттық тасымалдаушы үшін бұл жоба жолаушылар қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Пойызға орнатылған бейнекамералар жол бойы жағдайды бақылауға, ал GPS-трекерлер маршрутты нақты уақыт режимінде Ситуациялық орталықтан қадағалауға мүмкіндік береді.

Жоба пойыздарға жоғары жылдамдықты интернет енгізуге маманданған SkyNomad компаниясымен әріптестіктің нәтижесінде жүзеге асырылды. Компания жолаушыларға тұрақты қосылуды қамтамасыз ететін кешенді веб-платформа әзірледі. Ал Starlink технологиясы дәстүрлі желілер қолжетімсіз ең шалғай аймақтарда да сенімді интернет байланысын ұсынады.

Биыл «Жолаушылар тасымалы» АҚ цифрландыру бағдарламасы аясында пойыздарды интернетпен қамту жұмысын жалғастырып, пилоттық режимде №67/68 «Астана – Өскемен» және №3/4 «Астана – Алматы» бағытындағы «Тальго» пойыздарында төмен орбиталы жоғары жылдамдықты спутниктік интернетті іске қосты. Бүгінгі күнге дейін осы үш бағытта 100 мыңнан астам жолаушы интернет қызметін пайдаланды.

Нұрбек БЕКЕН

Инновация

ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ДЕНГЕЙІ

Қазақстанның теміржол көлігі саласы жаңа деңгейге көтерілді. ҚТЖ мен Wabtec компаниясы арасындағы ынтымақтастық арта түсті. Бұл туралы Астанадағы Wabtec зауытында өткен баспасөз турында айтылды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен АҚШ-тың WABTEC компаниясы арасында ұзақ мерзімді ынтымақтастық бойынша жоспарлар таныстырылып, жаңа локомотивтер көрсетілді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Турға қатысушы журналистер өндірістік цехтарды аралап, Қазақстанда темір жол машиналарын жасаудың озық технологиялары жоғары деңгейде игеріліп жатқанына куә болды. Қазақстан тек өзіміз үшін ғана емес, бүкіл Орталық Азия үшін де локомотивтерге техникалық сараптама беру және сервистік қызмет көрсету орталығына айналмақ.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Асан Үмбетовтің айтуынша, бұл ынтымақтастықтың мәні тек бір реттік мәміледе емес, елді алдағы бірнеше онжылдықта заманауи жылжымалы құраммен және кепілдендірілген сервиспен қамтамасыз ететін стратегиялық әріптестікте. Мемлекет басшысының АҚШ-қа сапарында ҚТЖ мен Wabtec арасында жалпы сомасы 4,2 миллиард долларға 3 келісімшарт жасалды. Оған 2027-2036 жылдар аралығында жыл сайын 30 локомотивтен барлығы 300 локомотив сатып алу, сервистік шартты 2058 жылға дейін 405 локомотивке ұзарту, сатып алынатын локомотивтерге 18 жыл мерзімге толық сервистік қызмет көрсету, жылжымалы құрамды есепке алу, бақылау және диагностикалау үшін kinepit цифрлық жүйесінің бес жиынтығын жеткізу, 3 жыл



ішінде 505 локомотивке арналған тежегіш цилиндрлер мен компрессорларды күрделі жөндеу, шалғай өңірлерде сервистік орталықтар қызметкерлері үшін әлеуметтік объектілер салу қызметтері кіреді. Жоба кәсіпорынның өз қаражаты есебінен іске асырылады. Бұл ретте сервиске арналған шығыстар несие алмай-ақ ҚТЖ-ның өз кірісі есебінен толығымен жабылады.

– Қазақстан Еуразияның негізгі көліктік-логистикалық хабына айналуға, еліміз арқылы Қытай, Орталық Азия елдері, Ресей және Еуропа арасындағы аса маңызды маршруттар өтеді. Соңғы жылдары тасымалдау көлемі бірнеше есе өсті, осыған орай бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін заманауи және сенімді локомотив паркі қажет. 1970-80 жылдары шығарылған қолданыстағы тепло-

воздар біртіндеп тозып келеді және ауыстыруды қажет етеді. Бұрынғы локомотивтердің барлығы бұған дейін 36-40 сағат сайын жөндеуге жіберілетін. Қазіргі жаңадан алынған локомотивтер 90-120 тәулікте жөндеуге ағытылады. Қалған уақытта эксплуатацияда. ТЭЗЗАТ сериялы жаңа локомотивтердің артықшылығы – оны пайдалану арқылы отын шығыны азаяды, локомотивтік тартым күші жақсарайды, сенімділігі жоғарылайды, – дейді А. Үмбетов.

Сонымен қатар локомотив бригадалары үшін кондиционер, тоңазытқыш, микротолқынды пеш, дәретхананың болуы жайлы жардайды арттырды. Ескі тепловоздарда әр жерде тоқтап, май, суды қолмен құятын. Қазір мұндай шығын жоқ. 2036 жылға дейін 300 локомотив шығарудан бөлек

қосалқы бөлшектерден бастап тұтас тепловозға дейін осы зауытта құрастырылады.

Америкалық Wabtec – 100 жылдан астам тарихы бар компания, Қазақстанда 27 жылдан астам уақыттан бері жұмыс істейді. Екі жыл бұрын 2009 жылы Астанада ашылған Локомотив құрастыру зауытын сатып алып, толық қожайынына айналды. Бұл зауытта 800-дей қазақстандық мамандар еңбек етіп, өзіндік инженерлік мектебі дамуда. 2024 жылы зауыт базасында бүкіл ТМД үшін инженерлік орталық ашылды. Бүгінде елімізде жұмыс орындарын және отандық экономиканы қолдауды қамтамасыз ететін 7 Wabtec сервистік орталығы жұмыс істейді. Зауыт «Болашақ» бағдарламасымен ынтымақтасып, студенттерді АҚШ-та оқыту мен практикаға бағыттайды. Барлық шығындарды өз мойнына алып, әлемдік деңгейдегі инженерлер мен технологтардың жаңа буынын дайындауға мүмкіндік береді. Дәл қазір зауытта жылына 70-ке жуық локомотив құрастырылып жатыр. Тепловоздар сыртқы нарыққа да экспортталады.

Жалпы ЛКЗ құрылған сәттен бастап ҚТЖ үшін 675 локомотив өндірілді, оның ішінде 42-сі ТМД елдері мен таяу шетелдерге экспортқа жіберілді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

№ 21/22 Кызылорда – Семей. Работа в этом направлении тоже продолжится.

Wi-Fi со скоростью до 250 мегабит в секунду позволяет оставаться на связи, смотреть фильмы, работать, общаться с родными и близкими на протяжении всего пути, сообщалось на брифинге в АО «НК «ҚТЖ».

Национальный перевозчик также внедрил цифровой сервис, позволяющий пассажирам в режиме реального времени получать актуальную информацию о движении поездов, их прибытии и отправлении.

Сервис разработан в рамках создания Ситуационного центра АО «Пассажирские перевозки», который обеспечивает непрерывный мониторинг поездов и обстановки. Данные с GPS-трекеров, установленных на пассажирских поездах, автоматически передаются в центр, где ведется круглосуточное наблюдение. Это позволяет с высокой точностью определять текущее местоположение составов и оперативно обновлять информацию о графике их движения. Воспользоваться сервисом можно на сайте tablo.railways.kz.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ БОЙЫНША ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ТҰРАҚТЫ ӨСІМДІ КӨРСЕТІП ОТЫР. ЕГЕР 2023 ЖЫЛЫ КӨЛІКТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРІНДЕ ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ 298 МИЛЛИОН ТОННАНЫ ҚҰРАСА, 2024 ЖЫЛЫ 303 МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІ. АЛ БИЫЛ ОЛ ӨТКЕН ЖЫЛҒА ҚАРАҒАНДА 8 МИЛЛИОНҒА ӨСТІ. БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУ-ЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ДАЙЫНБЫЗ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ ЗА 8 МЕСЯЦЕВ 2025 ГОДА СОСТАВИЛ

23,2 млн тонн
ГРУЗОВ.

С НАЧАЛА ГОДА ЛОКОМОТИВНЫЕ БРИГАДЫ БЛАГОДАРЯ ПРОФЕССИОНАЛИЗМУ ПРЕДОТВРАТИЛИ БОЛЕЕ

77
случаев ДТП.

УСЛУГАМИ НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕРЕВОЗЧИКА ЗА СЕМЬ МЕСЯЦЕВ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ БОЛЕЕ

7,8 млн
ПАССАЖИРОВ.

ВСЕГДА НА СВЯЗИ

Спутниковым интернетом в поездах национального перевозчика с момента запуска воспользовались уже более 100 тысяч пассажиров.

Любовь РОВБА,
Астана

Пилотный проект по предоставлению доступа к интернету в поездах с использованием спутниковых технологий стартовал в конце января 2025 года. Тогда он был запущен в поезде «Тальго» на популярном маршруте 3/4 Астана – Алматы. После успешного пилота интернет запустили также на поезде № 67/68, следующем по маршруту Астана – Өскемен. В планах успешного пилота интернет запустить цифровой комфорт на всех 15 маршрутах поездов «Тальго». Система OneWeb с низкоорбитальной спутниковой группировкой обеспечивает стабильный интернет даже на труднодоступных участках маршрута.

Скорость подключения достигает до 100 Мбит/с.

Новая технология внедрена в партнерстве с Eutelsat OneWeb, Jusan Mobile и Kaztechnology. Для подключения в вагонах «Тальго» используется уже имеющееся мультимедийное оборудование. Оно было технически перенастроено, что позволило расширить функциональность – пассажиром стал доступен не только внутренний медиа-портал vuti.kz, но и соцсети, видеохостинги и другие возможности всемирной сети.

Кроме того, в июле был запущен электропоезд 887/888 «Бұрабай-Экспресс», который первым в Казахстане был подключен к высокоскоростному интернету Starlink. До конца года интернет от Starlink появится еще в двух поездах: № 33/34 Ақтөбе – Алматы и

ОБСУДИЛИ РАСШИРЕНИЕ ТМТМ



В Астане состоялась встреча руководства АО «НК «ҚТЖ», KTZ Express и China Railway Container Transport (CRCT), во время которой обсуждены вопросы развития международных железнодорожных перевозок, с акцентом на расширение Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ).



В частности, стороны обсудили развитие международных железнодорожных перевозок, внедрение сквозного расписания поездов, взаимодействие в рамках СJP Middle Corridor Multimodal Ltd и обеспечение сохранности грузов.

Особое внимание было уделено вопросам цифровизации и обмена данными. Представители АО «НК «ҚТЖ» и CRCT выразили готовность к совместным проектам, направленным на упрощение транспортных процедур и повышение эффективности перевозок. По итогам встречи решено, что KZT Express возглавит рабочую группу по координации сотрудничества в сфере цифровизации.

Переговоры подтвердили стремление сторон укреплять партнерство и совместность повышать конкурентоспособность маршрута ТМТМ на евразийском рынке перевозок.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЖІНІШКЕДЕ ЖҮК АРТТЫ

 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе



Ақтөбе іргесіндегі Жінішке станциясы өндірісті ауданда орналасқан, бөлімшедегі жүк тасымалының негізгі бөлігін жөнелтіп отырған аса маңызды станция.

Қыркүйек айында Жінішке станциясында жүк жөнелту көлемі едәуір артып отыр. Станциядан еліміздің түрлі өңірлеріне және шетелдерге өнеркәсіптік және құрылыс жүктері бағытталуда.

Атап айтқанда, бір ғана қыркүйек айында: 30 вагон мұнай, 700-ден астам вагон қара металл, 129 вагон химиялық материалдар, 429 вагон құрылыс жүктері тиеліп, жөнелтілген.

Жүк номенклатурасы бойынша станциядан феррохром, кокс, қиыршық тас, ПГС, рельстер, шпалдар, құрылыс блоктары, және бензин, керосин, дизель отыны секілді жүктер тұрақты түрде жіберіледі.

Жінішке станциясының инженер-технологі Гүлжазира Жүсіпованың хабарлауынша, жүк бағыттары кеңейтілген. Атап айтсақ: ішкі бағыттар Астана, Алматы, Шекаралық бағыт – Дина Нұрпейісова станциясы, Халықаралық бағыттар – Қытай, Латвия, Литва елдеріне жүктер күнделікті әрі тұрақты жөнелту жүріп жатыр.

Жоспарға сәйкес, қыркүйек айының соңына дейін станциядан жалпы 4800 вагон жүк жөнелтіледі деп күтілуде. Бұл – Жінішке станциясының өңірдегі ірі жүк қабылдаушы және жөнелтуші орталық екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Суретті түсірген автор



ПАЙДАЛАНУ ПАРКІ ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

 **Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау



Жайма шуақ жаздың жайлы күндері аяқталып, күз келді. Алда қаһарлы қыс тұр. Қатал маусымға ертерек қам жасайтын теміржолшылар әлдеқашан қарекетке кірісіп кеткен.

Түбектік теміржолшылардың да қарбаласы артқан. Әр мекеме өзіне қажетті құрал-саймандары мен техникасын сайлап, қысқа дайындық жасауда. Жолшылар жолдың кем-кетігін түзеп, локомотившілер отарбасын майлап, жағармайын қамдап жатыр.

Шаруашылықтың қысқа дайындығын пысықтайтын күзгі комиссиялық байқау да басталып кетті. Маңғыстау локомотив депосында биыл комиссиялық байқаудан отызға жуық тепловоз өтеді. Депонның пайдалану паркінде жалпы 42 тепловоз бар болса, соның 28-і комиссиялық байқауға қатысады. Оның ішінде 14 дана 2ТЭ10МК сериялы, 13-і ТЭМ сериялы, тағы біреуі ТЭ33А сериялы тепловоздары. 2ТЭ10МК, ТЭ33А сериялы тепловоздар күздік комиссиялық байқаудан Мақат, Шалқар, Сексеуіл жөндеу деполарда өткізіледі. Ал ТЭМ сериялы тепловоздары болса жергілікті «Ғасыр-Маңғыстау» ЖШС жөндеу депосынан күздік байқаудың дайындығын алады.

– Бүгінге дейін күзгі комиссиялық байқауға үш тепловоз ағытылды. Оның екеуі ТЭМ сериялы, біреуі 2ТЭ10МК сериялы тепловоз. Екеуі комиссиялық байқаудың дайындығын алып шықты. Біреуінде әлі жүріп жатыр. Сонымен қатар локомотив бригадаларының күшімен ТЭМ сериялы төрт тепловоз толық сырланды. Қалған тепловоздарға қатысты жұмыстар да жоспарға сай жүріп жатыр.

– Дедода барлығы 42 тепловоз бар, оның 25-і 2ТЭ10МК сериялы, 12-сі ТЭМ-2 сериялы, 2-і ТЭМ-18 сериялы, 2-і ТЭМ-11А сериялы және 1 дана ТЭ33А жолаушылар/жүк пойыздарын тартатын тепловоздар. ТЭМ сериялы тепловоздар маневрлық қозғалысқа пайдаланылады. 2ТЭ10МК сериялы тепловоздары пайдалану мерзімі аяқталып қалғандықтан олар бірте бірте пайдаланудан алынып жатыр. Келер жылдың жартыжылдығында жүруін толықтай тоқтату туралы тапсырма бар. ТЭМ-11А сериялы биыл келген су жаңа тепловоздарымыз да бар. Алдағы уақытта тағы да 2 дана ТЭ36 жүк тепловоздары беріледі деген бұйрық бар. Сондықтан қазір Балқаш депосында Маңғыстау мен Бейнеу айналым депосынан машинист нұсқаушысы мен машинистер осы ТЭ36 тепловозын оқып үйренуге іс-сапарда жүр. Осылай пайдалану паркін бірте бірте жаңа тепловоздармен жаңартып жатырмыз, - дейді Маңғыстау локомотив пайдалану депосының жөндеуді бақылау бөлімінің бастығы Сәбит Зияев.

Суретті түсірген автор



«HR-ӨНДІРІС СЕРПІНІ»: МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР АЛАҢЫ

Өткен жұма күні «КТЖ» ҰК»АҚ-ның Инновациялық залында «Самұрық-Қазына» Әл-ауқат қоры» АҚ компаниясының HR-директорларына арналған «HR-Өндіріс серпіні» стратегиялық сессиясы өтті.



 **Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

«КТЖ» ҰК»АҚ Аппарат басшысының міндетін атқарушы Ерлан Амандықов, бұл сессияның мақсаты Ұлттық компанияда іске асып жатқан жобалар туралы ақпарат бөлісу, тәжірибелерін көрсету және ортақ шешімдерге келу екенін атап өтті.

«Әлем өзгеріп жатыр. Еңбек қатынастары да сәйкесінше өзгеруде. Біз заманауи бәсекеге қабілетті болу үшін бейімделудеміз. Бүгінгі КТЖ-ның ұсынып отырған жобалары, идеялары сіздерге пайдалы болады деген ойдамыз. Бізде кездесетін көп мәселе сіздерге де ортақ деп ойлаймыз. Сондықтан бұл сессия идеялармен бөлісіп, ашық әңгіме жүргізуге негізделіп отыр», – деді Ерлан Амандықов. Аппарат жетекшісі Ұлттық компаниямен тығыз байланыста жұмыс істеп жүрген серіктес компаниялар өкілдерін «КТЖ-Достық» медалімен марапаттады.

«HR-Өндіріс серпіні» сессиясы алдымен «КТЖ» ҰК» АҚ Рекрутинг блогының бас менеджері Айдана Жайжұманованың «Ашық іріктеу: Машинист көмекшісінің жолы» жобасын таныстырудан басталды. Ол машинист болу үшін ең алдымен машинист көмекшісі жолынан жүріп өту керектігін, ол үшін тар профилді мамандықпен қатар тиісті оқу курсынан және одан әрі сынақтан сүрінбей өту керектігін баяндады. Сонымен қатар машинист көмекшісі лауазымына іріктеу қалай жүргізіліп, қандай талаптар қойылатыны, міндеттері туралы егжей-тегжейлі мағлұмат берді. Сессия барысында теміржолшы әулетінен шыққан машинистің бала күнгі

арманымен есейіп, машинист болғанға дейінгі шағы бейнеленген бейнеролик әр спикердің сөзі алдында көрсетіліп отырды.

Қазір кадр қызметінде заманауи технологияларды қолдану қалыпты жағдайға айналууда. Сондай бір әдістің түрі – «Персоналды басқарудың биометриялық технологиялары туралы «КТЗ Express» АҚ өкілі Әлихан Жансықбаев әңгімелеп берді. «КТЖ» компаниясында жұмыс істейтін жастардың кәсіби мансапта өсуіне, өзін тұлға ретінде жан жақты ашып көрсетуіне, дамуына серпін беретін «КТЖ 100 жас есім» жобасы ұлттық компанияда сәтті іске асырылып жатқан жобалардың бірі. Жүзден жүйрікті, мыннан тұлпарды таңдауға мүмкіндік беретін бұл жоба туралы, осы жобаның жеңімпазы болған, қазіргі күні «КТЖ» ҰК»АҚ Әлеуметтік саясат департаментінің менеджері Жақсылық Молдақұлов айтып берді.

«КТЖ 100 жас есім» бағдарламасының мақсаты, Компанияның нақты жас қызметкерлерінің мысалдарында этикалық, меритократия, кәсібилік және белсенді адалдық идеяларын насихаттау болатын. Расында бұл бағдарлама сәтті жүзеге асып, жемісті нәтижесін берді. Айталық, 2020-2022 жылдары аралығында 1-ағын аясында 66 жас қызметкер қызметтік сатыда ілгеріледі, 11 жоба қазіргі қолданыстағы үдерістерді жақсартуға арналса, оның ішінде 3-уі рационализаторлық ұсыныс ретінде бекітілді. 2023-2024 жылдарғы 2-ағын кезінде 62 қызметкер қызметтік мансапта өсіп, 15 жоба бақыланды, ал 2025 жылы қазіргі уақытта 15 қызметкердің қызметтік сатыда өсуіне мүмкіндік жасалып отыр», – деді Жақсылық Молдақұлов.

Бұдан кейін сессияда «Білім экспрессі»,

«HR-аналитика. Өтініштер бойынша дашборд», «КТЖ: Ынталандырудың жаңа дәуірі», HR цифрландыру тақырыптарындағы жобалардың таныстырылымы өтті.

Адами ресурстарды басқару департаментінің HR бизнес-серіктесі Алма Сәулебаева «Білім экспрессі» жобасы туралы таныстыра отырып, Персоналды дамыту және оқытудың кешенді бағдарламасының тиімді тұстарын әңгімеледі.

«Білім экспрессі» - аты айтып тұрғандай, көшпелі оқыту бағдарламасы. Бұл оқыту курсы КТЖ қызметкерлері арасынан іріктеліп алынып, арнайы жаттықтырушылық курсынан өткен ішкі тренерлер өткізді. Нәтижесінде біз сырттан тренерлер шақырмай, оларға жұмсалуды ықтимал едәуір қаржыны үнемдедік. Мәселен, жылғына 1,5 млрд теңге болса, 3 жылда 4,5 млрд теңге үнемдедік. Сонымен қатар ішкі тренерлердің өңірлерге шығып, оқытуы нәтижесінде 3 жылда 828 млн теңгені үнемдей алдық. Есесіне, осы бағдарламамен еліміздің 13 өңірінде болып, персоналды жан жақты дамытуға арналған 15 тақырыптық оқыту курстарын жүргіздік. Оның барысында 26 000 теміржолшы қамтылды», – деді Алма Сәулебаева.

«HR-Өндіріс серпіні» сессиясына қатысушылар сессияда таныстырылған бұл жобалардың әрқайсысы өте маңызды мағлұматқа толы болғанын және келешекте бұл идеялардың ішінен өздеріне керектерін жұмыста қолдануға ниетті екендерін айтып, «КТЖ» ҰК»АҚ мамандарына өндіріске серпін беретін тың идеяларын жобаға айналдырып, сәтті жүзеге асыра берулеріне ізгі тілектерін білдірді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙ ҚАЙТАЛАНБАС ҮШІН...

Қолдағы статистикалық деректерге сүйенсек, қауіпсіздік ережесін көбіне балалар мен жасөспірімдер немесе құлаққап тағып жүргендер, қала берді ішімдік ішіп алатын адамдар жиі бұзатын көрінеді.

Ал мұндай оқиғалардың көбісі әдетте қайғылы жағдайға ұласып жатады. Сол сияқты теміржол маңында қараусыз жайылған мал да басты проблемаға айналып отыр. Төрт түліктің пойызға басылуы, мертігуі мал иесіне шығын әкелумен қатар локомотивтің зақымданып, тоқтауына, пойыздардың кешігуіне, жолаушылар мен жүк тасымалы есебінің төмендеуіне әсер етеді. Шуғыл тегежіш басу салдарынан вагон ішіндегі жолаушылар мен машинистер бригадасы жарақат алуы да әбден мүмкін.

Осы орайда, «КТЖ–Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент бөлімшесі бойынша жыл басынан бері теміржолдағы қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында жоспарға сай бірқатар профилактикалық жұмыстар атқарылғанын атап өткен жөн. Осы мақсатта темір жол маңында тұратын ықшамаудан тұрғындарымен 247 рет түсіндіру кездесуі ұйымдастырылып, оған үш

мыңға жуық азамат қатысты. Оған қоса мектеп, колледждерде қауіпсіздік қағидалары айтылған 153 сабақ өткізіліп, бұл шара 8767 оқушы мен ұстаздар қауымын қамтыды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Ал теміржол қауіпті аймақ екенін еске салып, одан хабар беретін 126 ескерту белгісі орнатылып, ескілері жанар-тылды. Осының бәрі де қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған шаралар болатын. Алайда, соған қарамастан, қауіпсіздік ережелерін елемей фактілері азаймай тұр. Оның негізгі себебі – адамдардың өз жауапкершілігін сезінбеуі. Ескертуге құлақ асып, тәртіпке бағынбау салдарынан бүгінге дейін 128 рейдтік тексеру өтіп, нәтижесінде 45 құқықбұзушы анықталды.

Біз жауапты мамандармен бірлесе отырып түрлі оқиғалар тіркеліп жататын қауіпті аймақтарға

талдау жасағанымызда төмендегідей жайттарды анықтадық. Әр жылдың ер кезеңіндегі деректер жазылған кестеге көз салғанымызда, Манкент, Бадам, Арыс, Шымкент станциясында адам қағу фактісі жиі тіркелгеніне көз жеткіздік. Ал мал қағу оқиғалары Жылға, Темір, Састөбе, Бадам, Ігілік, Монтайтас станциясындағы учаскелерде көп орын алған. Демек, осы талдау нәтижесіне сүйене отырып, тиісті жұмыстарды ширата түсу қажет деген сөз. Сол себептен де қазіргі кезде аталған аймақтарда жергілікті тұрғындар арасында кеңінен түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Сонымен қатар, қараусыз малдың теміржолға шығып кетуінен сақтандыру үшін қоршау бағытында бірқатар амал-әрекеттер қолға алынуда.

Нұрбол БИЖАНОВ,

«КТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент бөлімшесі бас директорының бірінші орынбасары

ҚҰРЫЛҒЫЛАР СЕНІМДІЛІГІ КҮМӘН ТУҒЫЗБАЙДЫ



КҮЗГІ БАЙҚАУ

Қыс – теміржол шаруашылығы үшін аса жауапты маусым. Әрбір тетіктің, әрбір құрылғының мінсіз жұмыс істеуі талап етіледі. Қызылорда сигнализация мен байланыс дистанциясының басшылығы күзгі байқау аясында Қызылорда станциясынан бастап Анакөлге дейін бүкіл телім бойын сүзіп шығып, жоспарлы тексеру жүргізді.

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Теміржолшылардың күнделікті көзге көрінбейтін, бірақ қиындығы өз алдына жауапкершілігі атып түйеге жүк болатын жұмысын көпшілік көре бермейді. Пойыз уақытылы келіп, белгіленген кесте бойынша жөнелтіліп жатса – бұл сол көзге көрінбейтін еңбектің, үлкен дайындықтың, жүздеген өлшеу мен тексерістің нәтижесі. Бір рельстің ақауы, бір реледегі сәйкессіздік бүтін бір қозғалысқа қауіп төндіруі мүмкін. Осындай сәтте жауапты мамандардың уақытылы жасаған тексеруі мен бақылауы талай оққылықтың алдын алады.

Дистанция бастығы Әбдірахман Сырғабаяев бастаған мамандар жоспарлы тексеріс барысында ең алдымен автоматты локомотивтік сигнализация (АЛС) жүйесінің әр параметрі сүзгіден өткізді. Арнайы өлшеу құралдарының

көмегімен импульс, интервал, ток күші сияқты көрсеткіштер анықталып, олардың әрқайсысы компьютер экранында синусоидалы толқын болып бейнеленді. Бұл – теміржолшы мамандардың ең сенімді «көз-айнасы». Тексеру кезінде АЛС жүйесінің әр параметрі миллисекундқа дейін өлшеніп, оның тұрақтылығы математикалық дәлдікпен нақтыланды. Бұл ретте мамандардың әрбір қадамы – хирургтың пышағындай шеберлікпен, зергердің қолындай нәзік тұрпатпен әрекетке көшеді.

Анакөл станциясындағы автоматтандырылған басқару жүйесі - АСУ-III бойынша реледердің сәйкестігін тексеру барысында құрылғы талапқа толық жауап беретіні нақтыланды. – Тексеріс барысында АРВ-1 автодрезинасы- нағыз жылжы-



малы зертханаға айналды. Мини-лаборатория мамандарға жол үстінде тұрып-ақ талдау жасап, жүйенің тұрақтылығын дәл анықтауға мүмкіндік берді. Бүгінгі жұмысқа АЛС электромеханигі Ғалия Қожахметова, СОБ саласының білгір мамандары Құндызай Пірназар мен Нұртөре Жақсылықов белсене араласты. Әрқайсысы өз саласында кәсіби шеберліктерін көрсетті, -дейді жөндеу-технологиялық телім бастығы Нұрлан Жәнібеков.

Дистанцияның тәжірибелі мамандары Қуаныш Жоламанов, Есенгелді Бекбаев пен Өркен Махановтар да өздеріне бекітілген жұмыстарды тиянақтап, қауіпсіздік жүйелерін талапқа сай әрбір құрылғыны қолмен тексеріп, сенімді күйге келтірді.

Жоспарлы шара пойыздардың үздіксіз әрі уақытылы қозғалуын қамтамасыз етуге, алдағы қысқы науқанға теміржолды сенімді дайындауға бағытталды.

Сурет түсірген автор

Актуально

РАЗВИТИЕ ДОСТЫКА – РАЗВИТИЕ ОТРАСЛИ

АО «НК «Қазақстан темір жолы» продолжает системную работу по развитию ключевых транспортных узлов страны, уделяя особое внимание не только инфраструктурным проектам, но и социальному благополучию сотрудников и населения. Один из ярких примеров – масштабная трансформация станции Достык, которая становится стратегическим звеном в международных перевозках и точкой роста для региона. ҚТЖ инвестирует в развитие станции Достык и улучшение качества жизни железнодорожников.

С 2006 по 2025 год общий объем инвестиций ҚТЖ в развитие станции Достык составил 31,5 миллиарда тенге. В рамках этой программы реализованы как инфраструктурные, так и социальные проекты. Особое внимание – жилищному строительству, возведены жилые дома, что позволило обеспечить жильем железнодорожников и их семьи.

Также построен пункт перестановки вагонов: объект, значительно ускоривший грузовые операции на стыке с КНР. Кроме того, произведена реконструкция перегрузочного места (ПМ)-4 и

ПМ-4А, обновлены производственные мощности. Модернизированы и микро-процессорная централизация, энергетическое хозяйство, парки и пост электрической централизации, что дало повышение технологической эффективности и безопасности. Помимо этого, проведен ряд мероприятий по строительству, модернизации, обновлению, ремонту основных фондов станции Достык.

Такие вложения не только укрепляют транзитный потенциал страны, но и существенно улучшают условия жизни и труда на




одном из важнейших пограничных участков. ҚТЖ продолжает развивать станцию Достык как современный логистический хаб

и социально ориентированную территорию.

Асель ШАЙХЫНОВА
Фото Александра ЖАБЧУКА

ОКО ВСЕ УВИДИТ



На предприятиях Оскеменского региона Семейского отделения грузовых перевозок начался осенний комиссионный осмотр.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Его цель неизменна – определить текущее состояние инфраструктуры, подвижного состава, производственно-технических объектов, техсредств, а также готовность к работе в зимний период.

